



# МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



## 5 МАУСЫМ - ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

Мемлекет басшысының бастамасымен 2024 жылдан бастап республика көлемінде жалпыұлттық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы өткізілуде. «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ағымдағы жылдың 2-5 маусымы аралығында 5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау мен экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған экология апталығын өткізді.

Апталық аясында кен орындар аумақтарында «Таза цех» және «Жасыл кеңсе» акциялары жүзеге асырылды. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаментінің Қоршаған ортаны қорғау және парниктік газдар қызметінің мамандары Қаламқас және Жетібай кен орындарындағы цехтарды аралап, жұмысшылардың экологиялық ахуалды жақсартуға қосқан үлестерін бағалады. Ерекше назар жұмыс аймақтарының тазалығына, ғимарат ішіндегі тәртіпке, ресурстарды ұтымды пайдалану және қалдықтарды сұрыптап жинау қағидаттарын енгізуге аударылды.

Бағалау қорытындысы бойынша Қаламқас және Жетібай кен орындарында үздік деп танылған цехтар анықталып, олар Қоғам басқармасының алғыс хаттарымен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Қаламқас кен орны цехтары арасында «Таза цех» номинациясы бойынша 1 орын МГӨЦ-3, 2 орын ПЖПЖЦ, 3 орын ФЗӨЖЦ ұжымдары, «Жасыл кеңсе» номинациясы бойынша 1 орын ТСДЦ, 2 орын ҚжСЖҚЦ, 3 орын ЭУ ұжымдары иеленді.

Жетібай кен орны цехтары арасында «Таза цех» номинациясы бойынша 1 орын МжГӨЦ-1, 2 орын МжГӨЦ-3, 3 орын ПЖПЖЦ, «Жасыл кеңсе» номинациясы бойынша 1 орын МКЖӨҚЦ, 2 орын ЭҚТЖЖЦ, 3 орын ГДТжГШПЦ ұжымдары иеленді.

Сонымен қатар, компания қызметкерлерінің балалары арасында «Табиғатты сақта» тақырыбында шығармашылық сурет байқауы ұйымдастырылды. Байқауға қатысушылардың суреттері табиғатқа деген шынайы сүйіспеншілігі мен таза әрі қауіпсіз планета туралы армандарын бейнеледі. Байқауға барлығы 40 бүлдіршін ат салысты, әрқайсысының жұмысы ерекше идеямен және шығармашылық көзқараспен ерекшеленді.

Байқау нәтижесі бойынша ең үздік жұмыстар таңдалды және 1 орынды Ғалым Фатима Ерланқызы, 2 орынды Бисембай Қарақат Қуанышқызы, 3 орынды Ерғали Жаниса иеленді. Жеңімпаздарға дипломдар мен естелік сыйлықтар табысталды. Сурет байқауына қатысқан барлық бүлдіршіндерге компания атынан ынталандыру марапаттары табысталды.

«Экология апталығы» компания қызметкерлерінің балалары үшін «Табиғатқа жанашыр бол!» атты ашық есік күніне арналған шеберлік сағатын өткізумен жалғасты.

Бұл бастама қоршаған ортаның сапасын арттыруға, табиғатқа ұқыпты қарау мәдениетін дамытуға, жайлы жасыл кеңістіктерді

көбейтуге ықпал етеді. Компания ұжымы алдағы уақытта да экологиялық жауапкершілік пен тұрақты даму қағидаттарын берік ұстанатын болады.

Өткізілген іс-шаралар экологиялық тұрақты болашаққа бағытталған маңызды қадам болды. Белсенділік танытқан, бастамашылдық көрсеткен және бейжай қарамаған барлық қатысушыларға алғысымызды білдіреміз!



## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

# ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК ЖОЛЫНДА

Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні аясында, 14 мамырда "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ басшылығы мен жұмыскерлерін марапаттау рәсімі өтті.



Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті департаментінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы бақылау бөлімінің бастығы Бауыржан Кемалов бас директор Вэнь Цзяцзюньге, бас директордың бірінші орынбасары Болат Сейтмағанбетовке, ЕҚЖЕҚОҚД директорының орынбасары Бауыржан Ләтіпке, Қоғамның кәсіподақ комитетінің төрағасы Мәди Кентановқа алғыс хаттарды табыс етті.

Бауыржан Кемалов "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ басшылығына еңбекті қорғау мәдениетін нығайтуға және қауіпсіз ортаны дамытуға қосқан зор үлесі үшін алғысын білдірді.

Өз кезегінде Болат Сейтмағанбетов кәсіпорын қызметіне жоғары баға бергені үшін алғысын білдіріп, Компания алдағы уақытта да қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету үшін бар күшін салатынын атап өтті.

## МОДЕРНИЗАЦИЯ ЦППН ПУ ЖМГ – НОВЫЙ ЭТАП АВТОМАТИЗАЦИИ!

В 2024 году на объектах цеха подготовки и перекачки нефти (ЦППН) ПУ «Жетыбаймұнайгаз» завершён важный этап модернизации – устаревшие разрозненные автоматизированные системы были объединены в единую интегрированную систему АСУТП. Это событие стало важным шагом на пути цифровой трансформации производственных процессов и повышения эффективности нефтедобычи в регионе.

Ранее каждый объект – будь то резервуары, печи подогрева, насосы или установки измерения нефти – функционировали на собственной системе управления с локальным АРМ оператора. Такое децентрализованное управление затрудняло принятие оперативных решений, увеличивало нагрузку на персонал и снижало общую производственную гибкость. Ситуация требовала коренных изменений.

Теперь, благодаря внедрению современной трехуровневой архитектуры (КИП – ПЛК – сервер/АРМ), объекты отстойников, РВС, сепараторов, систем подогрева и учета нефти были интегрированы в единое информационное пространство. Сердцем системы стали промышленные контроллеры Siemens S7, визуализация данных реализована через панели визуализации (видеостены) на 8 дисплеях, а централизованный сбор, анализ и архивирование данных осуществляется в режиме реального времени.

Модернизация проводилась без остановки критически важных объектов, в условиях действующего произ-

водственного процесса, что потребовало от персонала цеха и подрядчиков высокой точности и слаженности.

Благодаря проекту:

- Повысилась оперативность контроля и принятия решений;
- Упростилась работа операторов и инженерного персонала;
- Обеспечена непрерывная передача данных в ИСУН — единая система учета сырой нефти и газового конденсата Республики Казахстан;
- Исключены устаревшие и снятые с производства устройства;
- Обеспечена возможность расширения и масштабирования системы в будущем.

Проект модернизации АСУТП ЦППН стал не просто обновлением оборудования — это инвестиция в стабильность, безопасность и технологическое превосходство «Жетыбаймұнайгаз».

**Ибрашев Р.Ж.**  
Заместитель директора  
департамента автоматизации,  
информационных технологий и  
связи

## АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС – БІЛІМ МЕН БІЛІК МАҢЫЗДЫ

28 мамырда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар мәселелері бойынша кеңесі өтті.

Іс-шараны «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар тобы «Қаражанбасмұнай» АҚ Азаматтық қорғаныс жөніндегі жауапты мамандарымен бірлесіп ұйымдастырды. Кеңес Маңғыстау облысы бойынша ТЖД бастығының орынбасары Нұрлыбек Айжарықов пен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өндірістік қауіпсіздік департаментінің жетекші маманы Қизат Қыстаубаевтың басшылығымен өтті. Іс-шараға «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «ПКОП» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Қазгермұнай БК» ЖШС, «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС, «Caspi Bitum БК» ЖШС, «МұнайТас» СБҚК ЖШС, «Oil Service Company» ЖШС, «Oil Transport Corporation» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС,

«Мұнайтелеком» ЖШС және «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС қатысты.

Кеңес аясында Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы өзекті мәселелер талқыланды. АҚ және ТЖД бойынша жауапты жұмыскерлердің 2024 жылы атқарылған жұмыстар туралы есептері тыңдалып, 2025 жылға міндеттер қойылды. Қатысушылар тәжірибе алмасты, бар тәуекелдерді, сын-қатерлерді белгіледі және одан әрі даму бағыттарын ұсынды. Азаматтық қорғауға жауапты басшылық құрам мен жұмыскерлердің дайындық деңгейін арттыруға ерекше назар аударылды.

Кеңес соңында қатысушылар Жетібай кен орнында болып, оқу полигонында «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығы Бақзат Сансызбаев құттықтау сөз сөйледі. Бұдан әрі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мен мердігерлік ұйымдардың арнайы техникасы мен жарақ-



тандырылуын көрсету ұйымдастырылды. Қонақтар командалық-штабтық машиналардың жұмысымен, азаматтық қорғаныс мүлкімен, «Жетібаймұнайгаз» АҚ құрылымымен, сондай-ақ азаматтық қорғаныс қызметінің ықтимал төтенше жағдайларға ден қоюға дайындық деңгейімен танысты.

Қатысушылар әр түрлі жағдайларға тиімді әрекет ету және жалпы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін іс-қимылдарды үйлестіру мен тәжірибе алмасудың маңыздылығын атап өтіп, іс-шараның қорытындысын жоғары бағалады.



# ЖЕТІБАЙ КЕНОРНЫНДА ЖАҢА БАҚЫЛАУ-ӨТКІЗУ ПУНКТТЕРІ (БӨП) АШЫЛДЫ



Жол картасын орындау шеңберінде ашылған жаңа БӨП-тер толық автоматтандырылған және барлық қажетті құралдармен жабдықталған.

Олардың жұмысы тиімділік пен қауіпсіздікті барынша қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастырылған. Заманауи технологиялар мен жабдықтарды пайдалану барлық қажетті процедураларды тез және дәл орындауға мүмкіндік береді. Бұған дейін күзет қызметкерлері барлық жұмысты тар әрі ыңғайсыз үй-жайларда қолмен атқаратын.

Енді жұмысшыларға лайықты әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасалған. БӨП-тер жылыту жүйелерімен, кондиционермен, жуынатын бөлмелермен, асханалармен және т.б. жабдықталған. Жалпы Жетібай кен орнының ең маңызды учаскелерінде бес жаңа БӨП-тер ашылған. Барлық БӨП-тер «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жағдайлар орталығымен байланыстырылатын болады.



## ЛУДОМАНИЯ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

14 мамырда Қазақстан Халқы Ассамблеясы жанындағы Маңғыстау облыстық аналар кеңесінің ұйымдастыруымен «Тәуелділіктің түбі бір» тақырыбындағы «Салауатты сана» керуенінің жұмысы аясында компания бас кеңсесінде Қоғам қызметкерлерінің жиыны өтті.



Шараға Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Тілеген Ақанұлы Әбішев, Республикалық Аналар кеңесінің мүшесі Камал Әлпейісқызы Әлпейісова, Түркістан облыстық «Отбасын қолдау орталығы» КММ директоры, психолог Ақбаян Тұлбасынқызы Жақыпова, Маңғыстау облыстық мәслихатының депутаты Пәния Оңалбайқызы Сармурзина, Маңғыстау облыстық Қоғамдық кеңесінің мүшесі, әріптесіміз Ещанов Ерболат Мырзагелдіұлы қатысты.

Керуен жұмысының мақсаты - Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда берген тапсырмасына орай Қазақстан Республикасында заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024 – 2026 жылдарға арналған кешенді жоспарын, облыс әкімі 2024 жылы бекіткен «Салауатты сана» жобасын жүзеге асыру.

Зиянды әдеттерге тәуелділік, бүгінде ұлтына, дініне қарамастан қоғамның ортақ дертіне айналып отыр. Азаматтардың құмар және бейне ойындарға, әлеуметтік желілерге және онлайн қарым-қатынасқа тәуелділік артуы қоғамды алаңдаушылық туғызуда.

Ұлттық құрылтайда Президентіміз 400 мыңға жуық адамның букмекерлік конторлар мен казинолардың тұрақты клиенті екенін де атап өтті. «Шын мәнінде, лудомания – бейбіт күнде елдің шырқын бұзып жатқан қатер. Соның кесірінен талай шаңырақ шайқалды. Талай азамат заң бұзып, қылмысқа ұрынды. Құмар ойын үшін қарызға батып, өзіне қол жұмсаған жандар туралы хабарлар, өкінішке қарай, күн сайын тарап жатады. Бұл дерт жас ұрпаққа өте үлкен зиян келтіреді. Онлайн-ойындар балалардың күнделікті ермегіне айналып барады», – деген Мемлекет басшысы бұл мәселеге қатысты да тапсырма берген болатын.

Жиынға қатысқан спикерлер жиналғандарға лудоманияның табиғаты, оның алдын алудың және онымен күресудің жолдары туралы айтып берді, қызметкерлердің қойған сұрақтарына егжей-текейлі жауап берді.

Қоғам дертіне айналған лудомания секілді қауіпті құбылыстармен күрес тек қана мемлекеттік органдардың, немесе қоғамдық ұйымдардың ісі емес, оларды жеңу үшін бүкіл қоғам болып күресу керек, бұл жалпұлттық күрес және ең бастысы әрқайсымыз өзімізден, өз отбасымыздан бастауымыз керек.

## ТАРИХПЕН ТІЛДЕСКЕН САПАР

Биылғы 9 мамыр — Қазақстан халқы үшін ерекше тарихи күн болды. Себебі Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған салтанатты шеруге ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бастаған делегация арнайы қатысты. Мәскеудің Қызыл алаңында өткен тарихи сәтке еліміздің еңбек адамы да куә болды. Солардың бірі – қарапайым мұнайшы, бүгінде «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты пайдалану жабдығын прокаттау-жөндеу цехы экология бөлімінің шебері болып қызмет істейтін Асан Беріков еді. Әріптесімізден сапардан алған әсері, көргені мен түйгені жөнінде аз-кем сұрап білген едік.



Бұл сапар Асан үшін тек саяхат емес, рухани жаңғыру мен өткенге тағзым сапары болды. Мәскеудегі сапарын ол қазақ елінің біртуар перзенті, Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейханның зиратына арнайы барып, құран бағыштаудан бастады. “Бұл – жай ғана зиярат емес, ұлттың тарихымен тілдесу” дейді әріптесіміз.

Сапар барысында ол Даңқ мұражайына да барып, мыңдаған майдангерлердің есімі қашалып жазылған мәрмәр қабырғалармен танысты. Қазақтың ардақты ұл-қыздары — Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Төлеген Тоқтаров сияқты батырлардың есімдерін көргенде бойын мақтаныш сезімі кернегенін жасырмайды.

Ал Қызыл алаңда өткен салтанатты шеру –әріптесіміз үшін балалық шақтан бергі арманның орындалуы. Сарбаздардың сап түзеп өтуі, аспандағы ұшақтар мен әскери

техникалардың көрінісі, халықтың бірлік пен рухты сезінуі — мұның бәрі оның жүрегіне ерекше әсер қалдырған. “Мұндай тарихи сәттерді көру – әр азамат үшін үлкен тағылым, бұл – тек көріп-білу емес, жүрекпен сезіну”, – дейді ол.

Асан Беріковтің бұл сапары – тек жеке бастың ғана емес, жалпы еңбек адамының, қарапайым мұнайшының Отанға, тарихқа, рухани мұраға деген адалдығының көрінісі. Мұндай үлгі боларлық қадам әріптестер арасында да ерекше ықылас тудырамы анық.

# ЕЛІНЕ ЕҢБЕГІ СІҢГЕН АРДАГЕР



Жақында облысымыздағы геологиялық барлау және мұнай өндіру саласының көрнекті ұйымдастырушыларының бірі, Өзен және Бозашы кен орындарынан «қара алтын» өндіруде аты шыққан ардагер мұнайшы, уақытында қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқан қоғам қайраткері Бекболат Ізтұрғанұлының өмірден өткеніне 10 жыл толуына байланысты, ол тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды. Салтанатты шараға облыстың ардагер мұнайшылары, қала жұртшылығы, бірге қызмет жасаған мекемелер өкілдері, ағайын туыстары қатысты, оның арты балаларының еске алу, ас дастарханымен жалғасты. Бұл шараның ішінде Бекболат Ізтұрғанұлының өмірден өткеніне 10 жыл толуына байланысты, ол тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды.

Біздерден бұрынғылардың да басында болған, қартайып, жасың 80-нен асқанда жан-жағыңа көз салады екенсің, көптеген жәйларды ой елегінен өткізесің, құлаң тайдай тебісің, өмірдің жақсы-жаманын бірге өткізген қатар құрбыларыңды түгендейсің, алдағы болашағыңды көз алдыңа елестетіп, күннен күнге шүлдіреп, жалпы саны азайып бара жатқан қарттардың әзірге жер басып жүргендерінің азды-көпті бар екендігіне шүкіршілік етесің. Өмірден өткендерді еске алғанда, «адам ғұмырының өлшеулі» екендігін естіп өссек те, не жастықтан болар, не күнделікті күйбең тірліктен қол тимеді ме, әйтеуір, олардың бұл өмірдегі жалындап, жағаласып жүріп атқарған қоғамдық қызметін, туған өлкемізді дамытудағы ерен еңбектерін, жолдас жоралар арасындағы нақты орнын, дұрыс бағалай білмегендігін бірден сезесің, «қап, әттеген-ай, осыны неге

уақытыңда ескермедім екен» деп өкінесің. Уақыт ешкімге тәуелді емес, өз заңдылығымен жүріп жатады, бүгін бармыз, ертең жоқпыз деген сияқты. Сондықтан да, олар туралы мен жазбағанда, кім жазды деген ой, маған күш беріп, мектептегі сыныптасым, өмірде бір-бірімізді үлкен сыйластықпен жақсы түсінген достарымның бірі, облыс тұрғындары, әсіресе мұнайшылар қауымына танымал азамат, өмірден өткеніне 10 жылдай болып қалған Ізтұрғанұлы Бекболат туралы азды-көпті білетіндерімді сіздердің назарларыңа ұсынбақшымын.

Бекболат Ізтұрғанұлы 1941 жылдың 30 мамырында Форт-Шевченко қаласында туған, сондағы орта мектепті 1959 жылы бітірді. Оқу мен өндіріс арасындағы байланысты жақсартуға бағытталған үкімет пен партия тапсырмаларын орындау және жаңадан құрылып жатқан Маңғыстау мұнайгазбарлау тресін (МНГР) жұмысшы кадрлермен қамтамасыз ету мақсатында 10-шы сынып оқушылары арасынан мектеп пен мекеме бірігіп ұйымдастырған курста оқып, құрылымдық іздестіру бұрғылауының дизельші-моторшысы куәлігін кәмелеттік аттестатқа қоса алды. Комсомолдық жолдамамен осы треске қарасты геологиялық барлау және іздестіру экспедициясының әуелі Жетібай, кейіннен Түбіжік маңындағы Қошанай-1 және Қошанай-2 құрылымдық барлау ұңғыларын қазған бригадирлерде өз мамандығы бойынша жұмыс жасады. Өндірісте бір жылдай жұмыс жасап, азды-көпті тәжірибе жинақтаған ол, 1960 жылы Алматыдағы Қазақ политехникалық институтына оқуға түсіп, оны «Тау-кен» факультеті жанынан тұңғыш ұйымдастырылған

«Мұнай және газ кен орындарын игеру және пайдалану» мамандығы бойынша 1966 жылы үздіктер қатарында бітірді. Мұнайшылық еңбек жолын Бекең оқу орны жолдамасымен жаңадан ашылып жатқан Өзен кен орнындағы кәсіпшілікте қатардағы мұнай өндіру операторынан бастады.

Терең білімді, жаңалыққа жаны құштар, бала күнінен бойына сіңген қасиеті - бастаған ісін, қиындықтарға қарамай, уақытпен санаспай, қалайда түбіне дейін жеткізе істейтін Бекболат қысқа мерзім ішінде өзін жақсы жағынан көрсете білді, қасындағылардың, басшы мамандардың орынды құрметіне ие болды. Бірінен соң бірі, қала берді кейде қыстың қатты аязды күндерінде құбырлардың жарылуы салдарынан мұнай беруді азайтқан ұңғылардағы жұмысты, уақытпен санаспай, бітірмей кетпейтін.

Оператор, аға оператор, өндіру шебері, учаске бастығы, ал 1969-1979 жылдар арасында аудандық және орталық инженерлік-технологиялық қызметтерде ауысым бастығының орынбасары және бастығы ретінде негізгі өндірісте іскер ұйымдастырушы, қарауындағыларға талап қоя алатын білікті басшы деңгейінде өзін көрсетіп, абыройлы жұмыс жасады. 1965-1969 жылдар арасында Өзен кен орнынан жалпы көлемі 25 миллион 569 мың 200 тонна «қара алтын» өндірілді. Тек, 1970, яғни бір жыл ішінде Өзен, Жетібайдан 12 миллион 401 мың тонна өндіріліп, осы жетістіктердің арқасында «қара алтын» өндіруден Қазақстан бұрынғы Кеңестер Одағы бойынша Азербайжанды келесі орынға ығыстырып, екінші орынға шыққан шұлддызды жылдары еді. Кеңестер Одағын таңдандырған Өзен мұнайшыларының бұл ерлік істеріне Б.Ізтұрғанұлы да өзіннің қомақты үлесін қосты. Ол сала ардагерлері Р.Өтетісов, О.Бердіғожи, В.И.Тимонин, Н.Марабаев, Ә.Бүркітбаев сияқты ағаларды қатты құрметтейтінін, қызметтес болған Ю.С.Корчагин, В.Г.Стремский, Д.А.Горюнов және басқа да көрнекті өндіріс ұйымдастырушыларынан көп үйренгенін үнемі айтып отыратын.

Мұнайлы Маңғыстаудың шапшаң қарқынмен кезекті дамуы МНГР геолог-барлаушылары Бозашы түбегінен өткен ғасырдың 70-80-ншы жылдарында Қаражанбас, Қаламқас, Солтүстік Бозашы, Қаратұрын, Жалғыз төбе сияқты жаңа мұнай кен орындарын ашуы және олардың өндірістік қорын өте қысқа мерзімде анықтап, тұрақты түрде мұнай өндіруге «Мангышлакнефть» бірлестігіне тапсырыуынан бастау алады.



Бозашы кен орындарынан алғашқы мұнай өндіру Қаламқас басталатын болып шешілді, оның да өзіндік себебі бар еді. 1975 жылдың 30-шы қаңтарында МНГР-дың бұрғылау шебері А.И.Волачаев бригадасы қазған ұңғыдан газ, ал сол жылдың 24-ші шілдесінде терең бұрғылау бригадасының шебері М.И.Кривцов қазған № 3 ұңғының 647-660 метр аралығындағы тереңдігінен тәулігіне 200 шаршы метр мұнай алынған болатын. Зерттеу қортындысы бойынша кен орнының 13 өнім беретін қабаттарында жалпы мұнайы 510 миллионнан астам екені белгілі болды. Кейінгі мәліметтер бойынша мұнайдың баланс қоры - 638 миллион 723 мың тонна, игерілетін қоры - 207 миллион 393 мың тонна, газ - 15 миллион 382 мың текшеметр, қалдық қоры - 11 миллион 220 мың 495 текше метр. Қаламқас кен орны өзінің қоры жөнінен Маңғыстау өлкесі бойынша Өзеннен кейін екінші орындағы алып кен орындар қатарына жатады. 1979 жылы Наурыз айында Қаламқас және Қаражанбас кен орындарынан мұнай өндіретін «Комсомольск-нефть» мұнайгаз өндіру басқармасы құрылды. Жаңадан құрылып жатқан басқармаға басшылық жасауға бірлестік, министрлік ұйғаруы және облыстық партия комитетінің қолдауымен Өзен кен орнында 13 жылдай жұмыс жасап, ұйымдастырушылық жұмысымен көзге түскен, талантты жас инженер-мұнайшы Б.Ізтұрғанұлы, бас инженеріне В.Ф.Будников, бас геологына А.Н.Мищенко, мұнай өндіру цехының бастығына Х.Н.Құсаев тағайындалды. Уақытпен санаспай, жанталасып атқарылған жұмыстар өз жемісін берді, сол 1979 жылдың қазанында жаңа кен орынан Маңғыстау мұнай айдау магистралы құбырларына 5 мың тонна «қара алтын» құйылды. 1980 жылдың 4-ші қаңтарында Қаламқас мұнай танкермен Ақтау портынан Баку қаласына жіберілді. Араға 1,5 жыл өткенде, басқарма бойынша бір миллион тонна мұнай өндірілді, бұл дата облыс көлемінде салтанатты түрде атап өтілді, шараға КСРО мұнай министрі Н.А.Мальцев қатысты, сол күндерде еңбек вахтасына тұрған құрамында өндіріс озаттары: операторлар мен жөндеушілер М.Өтетісова, О.Шадилов, Ә.Мұстапидер бар, шебер К.Әлібаев бригадасы туралы мерекелік хабар бүкілодақтық орталық теледидардан берілді, одақтық және республикалық газеттерде кеңінен жазылды.

Мұнайшылардың кен орындағы жұмыстарындағы жаңа жәйлі, типтік үлгідегі



1980 жыл. Қаламқас кенорны. Б.Ізтұрғанұлы ардагер мұнайшы К.Әлібаев бригадасымен сөйлесіп отыр

вахталық кенттерін арнаулы құрлыс мекемелері тұрғызылғанмен, олардың жұмысын қадағалау басқарма басшысының міндеттеріне жатады. Бекболат Ізтұрғанұлы кадр мәселесіне де үлкен жауапкершілікпен қарап, мекемеге қажетті жұмысшы, инженер техник мамандарды өзі білетін мұнайшылар арасынан алып қана қоймай, Бозашы түбегіндегі елді мекендерде тұрып жатқан жергілікті жастарды да көптеп қабылдады. Бүгінде, осы жастар қазыналы түбектің тәжірибелі мұнайшылар қатарын толықтырғанын зор мақтанышпен айта аламыз. Партия мен үкімет талаптарын орындау мақсатында министрлік пен бірлестік басқарма басшылығына кен орынан мұнай өндіруді тездету міндетін жүктеді. Жер қойнауына жоғарғы қысыммен сыстырылған бу, әртүрлі химиялық сұйық ерітінділер қоспаларын айдайтын объектілер құрлысы бітпей тұрғанда, мұнай өндіруді күштеп көбейтудің жақсылыққа апармайтынын, оны Өзен тәжірибесі арқылы дәлелдеген сөзі басшыларға, әсіресе Одақтық мұнай министріне ұнамады. Партияның Орталық комитеті, Кеңес үкіметі бекіткен директивалық жежелердің міндетті түрде орындалуын қарауындағылардан талап ету, министрдің міндеті ғой. Сонымен, орындалуға тиісті жұмыстардың негізгілері бітіп жатқанмен, кейбіреулерінің іске қосылуы түрлі себептермен кешіккендігі де «сыныққа сылтау» болып, етектен тартып жатты. Осындай себептердің әсерінен, Бәкең көп ұзамай бастық міндетінен босап, 1981-1985 жылдары «Мангышлакнефть» бірлестігінің өндіріс бөліміне мұнай өндіру жөніндегі жетекші инженер болып ауысты, ал 1985-1998 жылдарда «Қаражанбасмұнай» өндіру басқармасында бастық орынбасары, техника қауыпсіздігі жөніндегі бас техникалық жетекші қызметтерін атқарды.

Бұл жерде мынаны баса көрсеткен дұрыс болар, осы басқармада 13 жылдан астам уақыт еңбек етіп, оның облыстағы алдыңғы қатарлы мұнай өндіруші мекемеге айналуына Бекболатта



лайықты үлесін қосты. 1999-2007 жылдар арасында зейнеткер болса да, өндірістегі қызметін жалғастырып, Солтүстік Бозашы кен орнында мұнай өндіріп жатқан америкалық «Тексако Норс Бузачи» компаниясында, кейін атын өзгертіп, «Бузачи оперейтинг LTD» болған мекемеде еңбекті қорғау және техника қауыпсіздігі жөніндегі жетекші супервайзер жұмысын атқарды. Осы бағыттағы қызметін 2007 жылы Донға кен орнын игеріп жатқан шетелдік кәсіпорында, ал 2008 жылдан бастап, жауапкершілігі шектеулі «Көктем» мекемесінде техника қауыпсіздігі жөніндегі бөлім бастығы, ал денсаулығы сыр бере бастаған 2013 жылдың аяғына дейін, яғни мұнай саласындағы үздіксіз еңбегін 54 жылдық еңбек өтілімен аяқтады.

Жалпы Бекболат Ізтұрғанұлы жоғарыда жазғанымыздай, киелі Маңғыстаудың негізгі мұнай-газ кенорындары: Өзен, Қаламқас, Қаражанбас, Солтүстік Бозашы, Донға және басқаларынан «қара алтын» өндіруді ұйымдастыруға басынан бастап қатысқан, өлкенің көрнекті мұнайшыларының бірі және олардың ішінде бірегейі екендігін, облыс жұртшылығы жақсы біледі. Ерен еңбегі үшін оған әртүрлі жылдарда жоғарғы Отан марапаттары: медальдер, тәстік

белгілер, құрмет грамоталары мен облыс әкімінің алғыс хаттары берілді.

Бекболат Ізтұрғанұлы қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысты. Жаңаөзен - мұнайшылар қаласы, республикадағы моно қалалар қатарына жатады, оның салынуы және дамуы Өзен кен орнын игерумен тікелей байланысты. 14 жылдай кеніште жұмыс жасап, өндірістің барлық саласынан өткен адам, әрине қала тірлігіне қалай болса да араласады. Уақытында Бекболат қалалық кеңеске депутат, бірнеше рет сайлау комиссияларына мүше, мекеменің партия, кәсіподақ комитеттері құрамына сайланды. 1982 жылдардан бастап, «Парасат» қоғамы жігіттерімен тығыз байланыста болды. Облыс көлеміндегі маңызды оқиғалардың басы-қасында жүрді. Туған өлке тарихында өзіндік орны бар, археологиялық ескерткіштер санатына кіретін «Сисем ата», «Қонай батыр», Ақшымырау маңындағы қорымдарда батырлар мен билер, ел ақсақалдары жерленген жерлерді тыянақтау, тазалау, түнек үйлер тұрғызу және қоршауларын қалпына келтіру жұмыстарына тікелей қатысты. «Бегеш» қорымында тұрғызылған жатқан ұй, басына жол салу, қасынан өтіп жатқан Ақтау-Қаламқас жоғарғы кернеулі электр линиясынан ток тарту сияқты жұмыстарды жолдас-жора,

тумаластары, қала берді балаларын қатыстырып, өзі басы-қасында жүргенін, сол шараларға қатысқан көпшілік көрді және біледі. Ақтау қаласында тұрғызылған Адай ревкомының алғашқы төрағасы Тобекен (Тобанияз Әлниязулы) ескерткішіне мемлекет тарапынан азды-көпті қаржы бөлінгенмен, оның қысқа уақытта салынуына себепші болып, барынша көмегін тигізушілер қатарында, сол қоғамдық қордың төр ағасы Бекболатта жүрген еді.

Облыс көлемінде өтіп жатқан, қоғамдық сипаты бар тыңдауларға, әсіресе экология, табиғат апаттары, қоршаған ортаны қорғау мәселеріне де белсене қатысып, өзінің ойлары мен ұсыныстарын нақты дәлелдермен тұжырымдады.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының аяғында шетелдерде пайдаланудан шығарылған, құрамында уран элементінің қалдықтарды бар зиянды қалдықтарды Маңғыстаудағы ашық жатқан карьерлерге әкеліп төгу, бетін жабу арқылы қаражат табуды көздегендерге батыл қарсы шықты. Пікірін тек, бас қосу тыңдауларында айтып қана қоймай, «Жас алаш», «Ар» газеттеріне мақалалар да жазды, Ш.Есенов атындағы Ақтау университеті студенттерімен кездесуде оларға мән-жайді нақты мысалдармен түсіндірді.

Жалпы, Бекболат қатар құрбы, сыныптастарының алдында беделді болды, оның себептері: мектепте үздіктер қатарында оқыды, оқытушылар оны жақсы көрді, білімінен санасты.

Әкесі, майдан даласында қаза тапқандықтан, анасы-бибатпа шешеміз жалғыз бастылығына қарамай, үлкен 2 қызы мен Бекболатты, өмірдің сол кездегі барлық тауқметіне тәзіп, қатарларынан кем болмасын деп, шырылдап жүріп өсірді, оқытты, ел қатарына қосты.

Ал, Бекболаттың отбасына келсек, жұбайы Нұрмолдина Айкүлән, мамандығы математика пәнінің оқытушысы, зейнеткер, 4 ер баласы мен келіндері, немерелерінің санын көрсету қажетте емес болар.

Еңбек жолын геологиялық барлау және іздестіру саласынан бастап, жарты ғасырлық ғұмырын қазыналы түбектің жер асты байлығы мұнай мен газ талмай іздеп, тауып, еселеп өндіруге жұмсаған, көрнекті өндіріс ұйымдастырушысы Бекболат Ізтұрғанұлының пәнінен бақылыққа аттанып, мәңгілік орны Бегеш қорымында жатқанына да, міне 10 жылдай болыпты. Оның қатысуымен жоғарыда аталған кен орындардан өндірілген «қара алтынды» бір жерге жинаса, мөлшері шалқып жатқан теңізге парпар болар еді.

Маңғыстаудың мұнайлы өлкеге айналуына өзінің лайықты үлесін қосқан, ардагер мұнайшы Бекболат Ізтұрғанұлы сияқты ағалардың жасампаз өмірі жолын білгі, сондай болуға талпыну, біздің жастарымызға зор тәрбиелік мәні бар деп есептеймін.

**Сатыбалды Нұрлыбекұлы**  
геологиялық барлау және мұнай іздестіру саласының ардагері, Қарақия ауданының құрметті азаматы, зейнеткер.

## ҚАЗАНДЫҚ ҚАСЫНДА ҚАЙНАҒАН



Форт-Шевченко қаласында 1964 жылдың 9 мамырында көп балалы отбасында Раева Тамара Елеусинқызы дүниеге келді. Кеңестік дәуірдің қатаң тәртібі, жоқшылық пен тоқшылықтың арпалысы, үлкендерге қарап есейген жастық шағы – осының бәрі оның болмысын ерте қалыптастырды. 1981 жылы мектепті аяқтаған бетте-ақ еңбек жолына бет бұрған он жеті жасар жас қыз «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның жылу қазандығында оператор болып бастады. Бұл бүгінгі заманның жылы кеңсесі емес, мұнай мен соляркаға иісі сіңген, пештің қара күйесі мен оттың табы тараған қауіпті орта болатын. Ол кезде жылу беру жүйесі мұнаймен жағылады, пештің аузына төгілген май

лап етіп жанса, сәтінде тұтас нысанды жалын шарпып кетуі ғажап емес еді. Сол кезде пештің басында тұрып, отқа май құйған, отты бақылаған, түнгі ауысымда қара майдың иісіне тұншыға жүріп еңбек еткен жас қыздың жанкештілігін елестетудің өзі оңай емес. Жас болса да, жанкештілікпен жұмыс істеді. Жан-жағы түгел ер адамдар болса да, иық тірестіріп қатар жүрді. Ол бір кезекпен жұмыс істеу емес, өмірдің әр сәтін сынмен өткізудің мектебі еді.

1983 жылы тұрмысқа шықты. Екі ұл, бір қыздың анасы атанды. Бірақ бақыт көпке созылмады. 1992 жылы тағдыр тағы бір үлкен сынағын ұсынды — отбасын жалғыз өзі жетелеуге мәжбүр болды.

Үш баланы жалғыз өзі асырап, қатарынан кем қылмай өсіру үшін бар күш-жігерін жұмсады. Таңның атысынан күннің батысына дейін жұмыста, кешкісін жұмыстан келіп, балаларын тамақтандырып, киіндіріп, тәрбиелеп, мектепке дайындап, жалғыз өзі бар ауыртпалықты арқалап жүрді. Әр күн – күрес, әр түн – үмітпен көмкерілген. Ешкімге ауыртпалығын білдірмеді, ешқашан шағымданбады, тағдырға налып, бас имеді. Қайта қайраттана түсті. Қиындық деп емес, өмірдің шын сыны деп қабылдады. Себебі оның жүрегінде аналық махаббат пен еңбекке деген адалдық қатар

өрілді. Жұмыс – ол үшін тек күнкөріс көзі емес, өмірлік миссияға айналды. Уақыт өте жағдай өзгере бастады. Қырық бес жыл бойы бір ғана мекемеде, бір ғана бағытта, табан аудармай еңбек ету — екіншісінің бірінің маңдайына бұйыра бермейтін тағдыр. Осы жылдар ішінде талай өзгеріс, талай жаңа басшы, жаңа жүйе, жаңа техника келді, бірақ бір өзгермеген — Тамараның мамандығына деген адалдығы, кәсібіне деген махаббаты. Қарапайым ғана қазандық операторы болып жүріп, сол қара жұмыс арқылы қаншама жанға жылу сыйлады. Бүгінде үш баласының үшеуі де өз алдына үй болған, отағасы, отанасы атанған. Тамара апай – үш немере мен алты жиеннің аяулы әжесі. Ол үшін бұл – атақ та емес, дәреже де емес, шынайы бақыт.

Қазір зейнет жасында. Бірақ жанарынан шаршаудың емес, шүкіршіліктің сәулесі көрінеді. Артына қараса – адал еңбек, алдына қараса – аман ұрпақ. Бұдан артық қандай бақыт керек? Ол ешқашан «менің еңбегімді елеңдер» деген жоқ. Бірақ ел елеусіз қалдырмады. Тамара апай – бүгінгі қоғамға үлгі болар еңбек адамы. Әйелдің де еңбегі ерлікке айналатынын дәлелдеген жан. Қауіпті ортада, қайнаған өндірісте жүріп, аналық мейірімін де, кәсіби шеберлігін де қатар алып жүрген қайсар тұлға. Осындай жандар барда елдің рухы өшпейді, еңбектің қадірі кемімейді. Тамара тағдыры – бір адамның ғана емес, тұтас ұрпақтың шежіресі. Еңбекпен өрілген, төзіммен тоқылған, мейіріммен мәңгіленген ғұмыр.



## ПРОФИЛАКТИКА ОНКОЛОГИЧЕСКИХ ЗАБОЛЕВАНИЙ

Рак, или злокачественная опухоль - это группа заболеваний, характеризующихся ненормальным бесконтрольным ростом клеток, прорастающих в здоровые органы и способных распространяться (метастазировать) по всему организму. Подобный спонтанный рост молодых клеток крайне опасен для организма и может привести к его гибели.

Основные факторы риска развития онкологических заболеваний

- Табак
- Отсутствие физической активности, факторы, связанные с питанием, ожирение и излишний вес
- Употребление алкоголя
- Инфекции
- Загрязнение окружающей среды
- Канцерогены, связанные с профессиональной деятельностью
- Излучение

При исключениях, основных факторов, которые повышают риск развития онко заболеваний у человека снижается риск развития онкологических заболеваний!

Ранняя диагностика онкологических заболеваний

1.Рак шейки матки – распространённое онкологическое женское заболевание, которое встречается почти так же часто, как рак молочной железы. Рак шейки матки распознают даже на начальной, самой легкой для лечения стадии. Но можно и избежать этого заболевания, если вовремя

принять меры по профилактике, пройти скрининг. На раннее выявление предопухолевых заболеваний и рака шейки матки ждут женщин, не состоящих на диспансерном учете по поводу рака шейки матки, в возрасте 30, 34, 38, 42, 46, 50, 54, 58, 62, 66, 70 лет; Рак шейки матки – это единственный тип рака, который может быть предотвращен при помощи специальной вакцинации (прививки). В связи с тем, что основной причиной возникновения опухоли является вирус папилломы человека, своевременная вакцинация против данной инфекции может создать надежную защиту против инфекции и связанного с ней риском развития опухоли.

2.Рак молочной железы

Заболеваемость раком молочной железы растет быстрыми темпами. Всё чаще это заболевание обнаруживают у молодых женщин. Рак молочной железы чаще встречается у нерожавших, не кормящих грудью женщин, поздно родивших своих первенцев (после 30 лет), перенёсших аборт, не живущих регулярной половой жизнью. На раннее выявление предопухолевых и опухолевых заболеваний молочной железы должны прийти женщины в возрасте 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70 лет, не состоящие на диспансерном учете по поводу рака молочной железы;


3.Колоректальный рак - это собирательное понятие онкологического заболевания различных отделов

толстой и прямой кишки. Ежегодно в мире диагностируется более 600 000 случаев колоректального рака, который занимает третье место по частоте заболеваемости среди других форм онкологических заболеваний. На раннее выявление предопухолевых и опухолевых заболеваний толстой и прямой кишки проверяются мужчины и женщины 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70 лет, не состоящие на учете по поводу полипоза, рака толстой и прямой кишки;

Правила здорового образа жизни, которые помогут Вам предотвратить рак:

Принципы профилактического (противоракового) питания:

- ограничение потребления алкоголя;
- ограничение потребления копчёной пищи, в ней содержится значительное количество канцерогенов, нитритов (нитриты используются для подкрашивания колбасных изделий);
- уменьшение потребления красного мяса (до 2 раз в неделю) и жира, т.к. в жирах содержатся канцерогены;
- употребление растительной клетчатки, содержащейся в цельных зёрнах злаковых, овощах, фруктах. Продукты, обладающие профилактическим действием в отношении онкологических заболеваний:
  - Овощи, содержащие каротин (морковь, помидоры, редька и др.).
  - Овощи, содержащие витамин



«С» (цитрусовые, киви и др.).

— Капуста (брокколи, цветная, брюссельская).

— Цельные зёрна злаковых культур.

— Чеснок.

2. Отказ от курения. Научно доказано, что вдыхание табачного дыма увеличивает риск злокачественных опухолей.

3. Регулярная физическая активность предотвращает развитие многих видов рака. Всего 30 минут умеренных упражнений каждый день помогает снизить риск рака на 30-50%.

4. Сбросьте лишний вес. С ожирением связано около 14% случаев гибели от рака и более 3% новых случаев злокачественных опухолей ежегодно.

Информация о раке и его профилактике поможет Вам применить эти знания и защититься от рака.

**Маханова З.Н.,  
цеховой терапевт филиала  
ТОО "Neiron-Med»**

## ЕР ЕҢБЕГІ ЕШ КЕТПЕЙДІ...

Біз бүгін «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС 26 жыл бойына кенорынның ыстық суығына төзіп, ерен еңбектің ащы-тұщы дәмін татқан, нағыз мамандықтың иесі атанған Битан Тұрсынғали Шүкірұлы туралы айтқымыз келеді. Ол 26 наурыз 1956 жылы Форт-Шевченко қаласында дүниеге келген. 1973 жылы С.М. Киров орта мектебін бітіріп, Ақтаудағы №11 кәсіптік техникалық училищесінен «электромонтер» мамандығын алып шықты. Сонымен қатар өзінің алғырлығымен 1974-1977 жылдар аралығында Карағанды институтында оқып, жоғары мамандық иесі атанды.



1978-1997 жылдар аралығында Маңғыстау өңіріндегі атом энергокомбинатында (МАЭК) еңбек жолын 3 дәрежелі электромонтерден бастады. Өзінің еңбекке деген жауапкершілігі мен тиянақтылығы арқасында ол 6 дәрежелі электромонтерге дейін көтерілді. Сондай-ақ аталған ұжымда 1991 жылдан бастап соңғы 6 жыл бойына АХЧ ТЭЦ-2 шебері болып қызмет атқарды. Еңбек жолының алғашқы жылдарынан – ақ Тұрсынғали жауапкершілікті қызметтерде өзін салмақты мінезімен, кәсіптік білгірлігімен көзге түсті. Еңбек майданында

адал қызмет атқара жүріп, Түрекең 1977-1983 жылдар аралығында В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтынан «инженер-механик» мамандығын алып, ұжымның алға қойған міндеттерін атқаруға өз үлесін қосты.

Өзінің кәсіптік мамандығын шыңдау бағытында Т.Битан 1999 жылы "Маңғыстауэнергомұнай" ЖШС-де 3 дәрежелі электромонтер болып жұмысқа орналасты. Жаңа еңбек ұжымында да Түрекең өзінің қабілеттілігін көрсетіп аз уақыттың ішінде электр жөндеу бөлімшесінің «шебері»

қызметіне көтерілді. Тәкең "Маңғыстау-энергомұнай" Серіктестігіндегі еңбек жолын былайша еске алады: «Мен осы мекеменің ірге тасын қалаған Қалабай Төлегеновтың кезінде жұмысқа кірдім, шексіз кең далада вагондарда тұрдық, техника жетіспеген, асхана жұмыс жасамаған кезеңдерде берілген қызметтік міндеттерді қалайда орындау жадымызда тұратын. Бегім Қоғашев басшылығы кезінде еңбек ұжымының ынтымағы жарасып, қауіпсіз еңбек жағдайын қалыптастырып, көптеген жетістіктерге жетті. Соңғы он жылдықта өндірісті ұйымдастырудың заманауи

жаңашылдығын енгізіп, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес компаниялар арасында зор беделге, жоғары жетістіктерге жеткізген Нұрдаулет Рахымұлы басшылығында болдым. Мекеменің қай-қай басшысында да қазақ азаматына деген бойсұну мен мамандыққа деген талап жоғары болатын. Сондай-ақ бұл ұжымда Құдабаев Сейілхан, Жапаров Ғилман, Рамазанов Жан секілді тәжірибелі басшылардың ұйымдастырушылық еңбектерін, Серіктестіктің көп жыл жетекшілік еткен жөндеу бөлімшесінің Мұхамбедиев Серікбол, Исабаев Ерген, Отарғұлов Бақтығали сияқты жігіттердің өз қызметтеріне деген жауапкершіліктері мен кәсіптік білгірліктерін ерекше атағым келеді».

Абыройлы еңбек елеусіз қалмайды дегендей, «МЭМ» Серіктестігіндегі ширек ғасырдан артық адал еңбек атқарған Т.Битанды ұйым басшылығы мен жергілікті билік те елеусіз қалдырмады. Ол Серіктестіктің және облыс әкімінің бірнеше рет Алғысымен, ҚР Энергетиктер Қауымдастығының төс белгісімен, «ҚМГ» ҰК АҚ алғыс хаттарымен бірнеше рет марапатталды.

Ерен еңбегі мен ұжымда айтарлықтай із қалдырған Түрекең алдағы өмірде мықты денсаулық пен шаңырағының амандығын ұжым атынан тілейміз.

**Бауыржан Жәңгірханұлы**  
«МЭМ» ЖШС Өндірістік қатынастар тобының жетекшісі

## СПОРТ - БІРІКТІРУШІ КҮШ

«Oil Construction Company» серіктестігінде ұжымдық бірлік пен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында дәстүрлі спартакиада өтті. Іс-шара Ақтау қаласындағы "Батыр" спорт кешенінде жоғары деңгейде ұйымдастырылып, компания қызметкерлері спорттың 15 түрінен өзара бақ сынады. Жарысқа Қаламқас, Жетібай, Өзен құрылыс құрастыру қызметтері мен әкімшілік басқару персоналы қатысты.

Спартакиаданың салтанатты ашылу рәсімінде компанияның Бас директоры Д. Мұратбай құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Жарысқа өзі де белсене қатысып, ұжыммен бірге футбол командасының құрамында өнер көрсетті.

Жарыс қол күресі, шахмат, тоғыз-құмалақ, үстел теннисі, бес тас, асық ату, жүзу, киберспорт, стритбол, арқан тарту, волейбол, футбол сияқты спорт түрлерінен өтті. Әр сайыс әділ бағаланып, жүлделі орындар өз иелерін тапты.

Бұл спартакиадада компания қызметкерлері ұйымшылдық көрсетіп, өздерін жан-жақты қырынан таныта білді. Жұмыскерлер бір алаңда кездесіп, кәсіби міндеттерінен тыс ортада да бір-біріне қолдау көрсете білді.

«Спартакиада жылдағы дәстүрмен 2 күн бойы өз деңгейінде өтті. Жарыстар ұжымның бірлігін нығайтып, әріптестер арасындағы байланыстарды күшейтуге әсерін тигізгені сөзсіз. Мұндай шаралар жұмыс орнында жағымды атмосфера қалыптастырып, командалық рухты арттыра түскені анық. Өзім бес тас ойынынан қатысып, жүлделі 3-орынды алдым. Қазақтың ұлттық спортын спартакиадаға қосқаны өте дұрыс деп есептеймін. Болашақта да дайындығымды пысықтап, жарыстарға қатысамын деп ойлаймын» деді компания қызметкері А.Шынжырбекова.

**Индира Сәтенбай**  
«Oil Construction Company» ЖШС



## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

# БАЛАЛАР ҮШІН ҰМЫТЫЛМАС МЕРЕКЕ!

**1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, BS Arena спорт кешенімен және «Өзіңе сен» қоғамдық ұйымымен бірлескен ерекше форматтағы балалардың жүгіру марафонын ұйымдастырды. Оған мұнайшылармен өңір тұрғындарының балалары қатысты.**

500-ге жуық желаяқтар сап құрған "Kid's Run" марафонында бүлдіршіндер белсенділік пен батылдық танытты. Жарыс барысында тәттілер таратылып, түрлі қызықты ойын-сауықтар ұйымдастырылды. Қатысушылар арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Іс-шарада сөз алған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ әлеуметтік-әкімшілік мәселелер департаменті директоры Асан Сақтапов: "Балалар – еліміздің болашағы. Олардың денсаулығы мен

қуанышы – біздің басты құндылығымыз. Осындай ауқымды спорттық шаралар арқылы біз салауатты өмір салтын насихаттап қана қоймай, өскелең ұрпаққа шабыт сыйлаймыз. Бұл тек жарыс емес – бұл өмірге деген сүйіспеншілікті оятатын үлкен мереке," – деді.

Бұл күні спорт, шаттық, қуаныш пен достық – барлығы бір алаңда тоғысты. "Kid's Run by BS Arena" марафоны балалар жүрегіңде ұзақ сақталары анық!



## ПОБЕД МНОГО НЕ БЫВАЕТ

**10–11 мая 2025 года в древнем и гостеприимном городе Туркестан состоялся один из крупнейших турниров по силовым видам спорта — WPSO Kazakhstan Central Asian Cup 2025, организованный под эгидой международной федерации WPSO.**

Соревнования объединили около 500–700 участников из различных стран Азии и всех уголков Казахстана. Более 20 номинаций в разных весовых и возрастных категориях собрали лучших представителей силовых дисциплин.

Я выступал в категории ветеранов по жиму лёжа и принял участие в трёх дисциплинах, где продемонстрировал высокий уровень физической подготовки, став чемпионом во всех трёх номинациях:

1. Жим лёжа на максимальный вес — успешно пожал 180 кг, установив личный рекорд и уверенно заняв первое место среди ветеранов.

2. Жим 100 кг на количество повторений — несмотря на вес собственного тела в 98 кг и волнение, я выполнил 28 повторений, обойдя всех соперников. Ни один из участников в ветеранской категории не смог приблизиться к этому результату.

3. Жим 125 кг на повторения — я уверенно выполнил 20 повторений, вновь став абсолютным лидером в своей категории. Конкуренции на этом уровне практически не было.

Эти победы стали результатом многолетнего труда, дисциплины и любви к спорту. Для меня это не только спортивное достижение, но и доказательство того, что возраст —


не препятствие для высоких результатов, если есть цель, вера в себя и систематический подход.

Горжусь тем, что представлял нашу область на международной арене и стал чемпионом Азии. Турнир в Туркестане стал настоящим праздником силы, духа и братства спортсменов со всего континента.

Хочу выразить особую благодарность профсоюзному комитету за оказанную финансовую помощь, в частности благодаря оказанной помощи мне удалось пройти курс необходимого физического лечения и профилактики, восстановиться после спортивных травм и полноценно подготовиться к соревнованиям. Также была обеспечена финансовая поддержка, покрывшая расходы на проживание и питание во время турнира, что имеет большое значение для любого спортсмена.

Эти три золотые медали — результат многолетнего труда, дисциплины, и, что особенно важно, поддержки тех, кто верит в тебя. Горжусь тем, что представил нашу область свою организацию на международном уровне и внёс вклад в развитие силового вида спорта.

**Рахымжан Бекбосынов,  
оператор товарный ЦППН  
ПУ "Жетыбаймұнайгаз"**



### МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - С. Галидуллин  
- Л. Жолдыбаева

Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз:  
130000, Ақтау қаласы  
6 ш.а., № 1 үй,  
тел:  
212-035, 211-861  
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет  
шығады.  
Тегін таратылады

Газет ҚР  
Мәдениет және  
ақпарат  
министрлігінде  
есепке  
қойылып,  
№ 9675 - Г  
күелігі берілген

▶ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді  
▶ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды  
▶ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.  
Индексі: 64265

«Атис» ЖШС баспаханасында басылды.  
Ақтау қаласы,  
«Дукат» ТҮ, 17 ш.а.,  
1 үй, 3 кеңсе  
тел: 8(7292)525 500